

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 ақпандағы N 125 Қаулысы.

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар (бұдан әрі - өзгерістер мен толықтырулар) бекітілсін.

2. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулыға өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағын қоспағанда, 2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 19 ақпандағы  
N 125 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Қ а у л ы с ы м е н .**

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.19 N 610 (2007.08.09 бастап қолданысқа енгізіледі) **қ а у л ы с ы м е н .**

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 10.06.2020 № 368 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) **қаулысымен.**

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.12.03 № 1272 (2014.11.21 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) **қаулысымен.**

5. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 329 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 15, 145-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацындағы, 10-тармақтың екінші, үшінші, он үшінші абзацтарындағы "және спорт" деген сөздер ", спорт және ойын бизнесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтағы "Әуезов көшесі, 126" деген сөздер "Абай даңғылы, 33" деген сөздермен ауыстырылсын, мемлекеттік тілдегі мәтінде 10-тармақтың үшінші абзацындағы және 11-тармақтың екінші абзацындағы "және спортты" деген сөздер ", спортты және ойын бизнесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.";

11-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"ойын бизнесін ұйымдастырушының "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын бекітеді;

ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиялардың тізілімін жүргізу ережесін бекітеді.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті туралы ережеде:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "туристік қызметті" деген сөздерден кейін "және ойын бизнесін" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "туристік индустрияны" деген сөздерден кейін "және ойын бизнесін" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "Әуезов көшесі, 126" деген сөздер "Абай даңғылы, 33" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта:

5) тармақшадағы "туризм саласындағы" деген сөздер "туризм, ойын бизнесі салаларындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-1), 12-2), 12-3), 12-4) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

12-2) Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

12-3) Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиялардың тізілімін жүргізу;

12-4) ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары мен белгіленген ережелерді сақтау бойынша тексерулер жүргізу;"

"18) ойын мекемелерінің Қазақстан Республикасының ойын бизнесі саласындағы заңнамасын сақтауын бақылау.";

10-тармақта:

1) тармақшада "туристік саланы" деген сөздерден кейін ", ойын бизнесін" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшадағы "туризм саласында" деген сөздер алынып тасталсын;  
мемлекеттік тілдегі мәтінде 8) тармақшадағы "тартуға" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялар беруге;

10) ойын бизнесін ұйымдастырушының "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды алуға және олармен танысуға;"

11) ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары мен белгіленген ережелерді сақтау мәніне тексерулерді жүзеге асыруға;

12) Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;

13) талап-арыздармен сотқа жүгінуге, оларды қарауға қатысуға;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті материалдарды құқық қорғау органдарына жіберуге."